

«А.Байтұрсынов  
атындағы Қостанай  
өңірлік университеті»  
КЕАҚ



НАО «Костанайский  
региональный  
университет имени  
А.Байтұрсынова»

## ШЕШІМІ

Ғылыми кеңестің  
27.06.2023 ж.

## РЕШЕНИЕ

ученого совета  
№ 9

Қостанай қаласы

город Костанай

Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректордың, «Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің 2022-2023 оқу жылындағы жұмысы туралы есеп» оқу-әдістемелік кеңесінің төрағасының баяндамасын тыңдап, талқылағаннан кейін ғылыми кеңес оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік процесті жоспарлау мен ұйымдастыруды жетілдіру, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін арттыру бойынша үлкен жұмыс жүргізгенін атап өтті. Сонымен қатар, қызметтің кейбір бағыттары жандандыруды және жетілдіруді талап етеді.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты ғылыми кеңес

### ШЕШТІ:

1. Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің 2022-2023 оқу жылындағы жұмысының қорытындылары қанағаттанарлық деп танылсын, есеп бекітілсін.

2. Өңірлік еңбек нарығының жаңа сын-қатерлерін ескере отырып, форсайт-зерттеулер негізінде білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңартуды жүзеге асыру.

Білім беру бағдарламалары бөлімінің  
бастығы

Академиялық комитеттер

2024 жылғы 01 наурызға дейін

3. Ғылыми кітапхана кафедралармен бірлесіп біліктілік талаптарына сәйкес баспа және электрондық басылымдар форматында ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиеттердің қамтамасыз етілуіне талдау жүргізсін.

Кітапхана меңгерушісі

Кафедра меңгерушілері

2023 жылғы 01 қыркүйекке дейін

4. Дуальды оқытуды енгізу жоспарын әзірлеу және бекіту.

Мансап және жұмыспен қамту  
орталығының бастығы

2023 жылғы 01 қыркүйекке дейін

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау академиялық мәселелер жөніндегі проректор Е. М. Исакаевке жүктелсін.

Ғылыми кеңестің хатшысы



М. Хасанова